

INTERNATIONAL SCIENCE REVIEWS



№1 (4) 2023

Social Sciences series

www.aiu.kz



International Science Reviews

Social Sciences series

Published since 2020

No. 1 (4) / 2023

Astana

EDITOR-IN-CHIEF:

Doctor of Jurisprudence, Professor
Amandykova S.K.

DEPUTY EDITOR-IN-CHIEF:

PhD, Assistant Professor
Khairmukhanmedov N.I.

EDITORIAL BOARD:

- | | |
|------------------------------|--|
| Irsaliyev S. A. | - Candidate of Agricultural Sciences, President AIU, (Kazakhstan) |
| Sarsenbay N. A. | - Candidate of Economic Sciences, (Kazakhstan) |
| Somzhurek B.Zh. | - Candidate of Historical Sciences, Professor (Kazakhstan) |
| Kazhyken M. Z. | - Doctor of Economic Sciences, (Kazakhstan) |
| Toxanova A.N. | - Doctor of Economic Sciences, (Kazakhstan) |
| Akhmadiyeva Zh.K. | - Candidate of Pedagogical Sciences, Associate professor (Kazakhstan) |
| Laumulin M. T. | - Doctor of Political Sciences, (Kazakhstan) |
| Orlova O.S. | - Doctor of Pedagogical Sciences, Professor (Russia) |
| Jacek Zaleśny | - Doctor of Jurisprudence, Professor (Poland) |
| Francisco Javier Diaz | - Dr. hab., Professor (Spain) |
| Revorio | |
| László Károly Marác | - PhD (The Netherlands) |
| Verbitskiy A.A. | - Doctor of Pedagogy, Academician of the Russian Academy of Education (Russia) |

Editorial address: 8, Kabanbay Batyr avenue, of.316, Nur-Sultan, Kazakhstan, 010000
Tel.: (7172) 24-18-52 (ext. 316)
E-mail: social-sciences@aiu.kz

International Science Reviews**Social Sciences series**

Owner: Astana International University

Periodicity: quarterly

Circulation: 500 copies

**«INTERNATIONAL SCIENCE REVIEWS»
Social Sciences Series 2023 / №1**

МАЗМҰНЫ

**Секция
ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚАРЖЫ**

<u>Кажыкен М.З.</u> ҰЛЫ ДАЛА МЕН ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ.....	10
<u>Смагулова З.К., Мороз В.В.</u> КӨШБАСШЫЛЫҚ ФЕНОМЕНІ: ӨЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ БАСҚАРУШЫЛЫҚ КОНТЕКСТ.....	20
<u>Аймұрзина Б.Т., Каменова М.Ж.</u> КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ МЕХАНИЗМДЕРІ.....	31
<u>Галиев С.Ж.</u> БӘСЕКЕЛЕСТІК ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ МЕН МОНДЕРНИЗАЦИЯ ФАКТОРЫ ЕМЕС.....	41
<u>Дюсенбаев Ж., Байбашева Г.К., Кайдарова С.Е.</u> СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАЛАМАЛАР ЖӘНЕ СӘТТІЛІК ФАКТОРЛАРЫ.....	52
<u>Омаров А.С., Аймұрзина Б.Т.</u> ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСҚАРУ ПРОЦЕСТЕРІ.....	59
<u>Сұханов А.</u> ЖАҢА ГЕОСАЯСИ ЖӘНЕ ГЕОЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАРДАҒЫ «БІР БЕЛДЕУ, БІР ЖОЛ» БАСТАМАСЫ.....	65
<u>Балтыхан А.Б., Лесбаева Г.Т., Байбашева Г.К.</u> ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДАҒЫ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ.....	79
<u>Усипбеков А.А., Нуржанова Г.И., Ниязбекова Ш.У.</u> ЦИФРЛЫҚ ЭКОНОМИКА ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАРЖЫ НАРЫҚТАРЫН ТАЛДАУ ӨДІСТЕРІ.....	87

Секция ҚҰҚЫҚ

<u>Абугалиева Ф.М., Елубекова А.К.</u> ҚҰҚЫҚ ҚОЛДАНУ ТӘЖІРИБЕСІНДЕГІ ҚЫЛМЫСТЫҚ ТЕРІС ҚЫЛЫҚТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ СИПАТЫ БОЙЫНША ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР.....	100
<u>Идгеев М.С., Иманбаев С.М.</u> ҚҰРЫЛЫС САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ.....	110
<u>Бердібек Ғ.Е., Сеилханов Ж.Д.</u> ҚАЗІРГІ ҚҰҚЫҚ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ ЭКСТРЕМИЗМ КАТЕГОРИЯСЫ: МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ПІКІРТАЛАСТАР.....	121
<u>Әбдікадыр А.Ә.</u> АПЕЛЛЯЦИЯЛЫҚ САТЫДАҒЫ СОТ МӘРТЕБЕСІ.....	127
<u>Санақбекқызы С., Иманбаев С.М.</u> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ-АТҚАРУ ЖҮЙЕСІ ДАМУЫНЫҢ ҚАЗІРГІ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ	134
<u>Садыков Т.К.</u> ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ЗАҢДАРЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ ТҮЛҒАЛАР.....	143

Секция ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР

<u>Нұртзин М.С., Ибраева А.Е.</u> ЕО-НЫҢ 2019 ЖЫЛҒЫ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ БОЙЫНША ЖАҢА СТРАТЕГИЯСЫ: ҚАЗАҚСТАН ҮШІН ПЕРСПЕКТИВАЛАР.....	156
<u>Сатыбаев Д.Д., Ибраева А.Е.</u> ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ӨНІРІНДЕ РАДИКАЛДЫ ИСЛАМИЗМНІҢ ДАМУ МҮМКІНДІКТЕРІ	163
<u>Айтбай А.Ж., Ибраева А.Е.</u> ПЕРСПЕКТИВЫ ГУМАНИТАРНОГО СОТРУДНИЧЕСТВА МУЖДУ ЕС И ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИЕЙ.....	170

«INTERNATIONAL SCIENCE REVIEWS»
Social Sciences Series 2023 / №1

СОДЕРЖАНИЕ

Секция
ЭКОНОМИКА и ФИНАНС

<u>Кажыкен М.З.</u> ЭКОНОМИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ В ВЕЛИКОЙ СТЕПИ И ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ.....	10
<u>Смагулова З.К., Мороз В.В.</u> ФЕНОМЕН ЛИДЕРСТВА: СОЦИАЛЬНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКИЙ И УПРАВЛЕНЧЕСКИЙ КОНТЕКСТ.....	20
<u>Аймурзина Б.Т., Каменова М.Ж.</u> МЕХАНИЗМЫ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ПОДДЕРЖКИ ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ УСТОЙЧИВОСТИ РАЗВИТИЯ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА.....	31
<u>Галиев С.Ж.</u> КОНКУРЕНЦИЯ НЕ ФАКТОР ИНДУСТРИАЛИЗАЦИИ И МОДЕРНИЗАЦИИ.....	41
<u>Дюсенбаев Ж., Байбашева Г.К., Кайдарова С.Е.</u> СТРАТЕГИЧЕСКИЕ АЛЬТЕРНАТИВЫ И ФАКТОРЫ УСПЕХА.....	52
<u>Омаров А.С., Аймурзина Б.Т.</u> ПРОЦЕССЫ СТРАТЕГИЧЕСКОГО УПРАВЛЕНИЯ В ОРГАНИЗАЦИЯХ ЗДРАВООХРАНЕНИЯ.....	59
<u>Суханов А.</u> ИНИЦИАТИВА «ОДИН ПОЯС, ОДИН ПУТЬ» В НОВЫХ ГЕОПОЛИТИЧЕСКИХ И ГЕОЭКОНОМИЧЕСКИХ УСЛОВИЯХ.....	65
<u>Балтыхан А.Б., Лесбаева Г.Т., Байбашева Г.К.</u> ОРГАНИЗАЦИОННО-ЭКОНОМИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ФОРМИРОВАНИЯ КОРПОРАТИВНОГО УПРАВЛЕНИЯ В ВУЗЕ.....	79
<u>Усипбеков А.А., Нуржанова Г.И., Ниязбекова Ш.У.</u> МЕТОДЫ АНАЛИЗА ФИНАНСОВЫХ РЫНКОВ В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВОЙ ЭКОНОМИКИ....	87

Секция ПРАВО

Абугалиева Ф.М., Елубекова А.К. АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ПРАВОВОЙ ПРИРОДЫ УГОЛОВНЫХ ПРОСТУПКОВ В ПРАВОПРИМЕНИТЕЛЬНОЙ ПРАКТИКЕ.....100

Идгеев М.С., Иманбаев С.М. КРИМИНОЛОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ПРЕСТУПНОСТИ В СТРОИТЕЛЬНОЙ ОТРАСЛИ.....110

Бердібек Ғ.Е., Сеілханов Ж.Д. КАТЕГОРИЯ ЭКСТРЕМИЗМА В СОВРЕМЕННОЙ ПРАВОВОЙ НАУКЕ: ПРОБЛЕМЫ И ДИСКУССИИ....121

Әбдікадыр А.Ә. СТАТУС СУДА АПЕЛЛЯЦИОННОЙ ИНСТАНЦИИ.....127

Санакбекқызы С., Иманбаев С.М. СОВРЕМЕННЫЕ ПРОГРАММЫ РАЗВИТИЯ УГОЛОВНО-ИСПОЛНИТЕЛЬНОЙ СИСТЕМЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН.....134

Садықов Т.К. ЛИЦА-ОСНОВАТЕЛИ ЗАКОНОВ КАЗАХСКОГО ХАНСТВА.....143

Секция МЕЖДУНАРОДНЫЕ ОТНОШЕНИЯ

Нұртзин М.С., Ибраева А.Е. НОВАЯ СТРАТЕГИЯ ЕС ДЛЯ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ 2019: ПЕРСПЕКТИВЫ ДЛЯ КАЗАХСТАНА.....156

Сатыбаев Д.Д., Ибраева А.Е. ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ РАДИКАЛЬНОГО ИСЛАМИЗМА В РЕГИОНЕ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ...163

Айтбай А.Ж., Ибраева А.Е. ПЕРСПЕКТИВЫ ГУМАНИТАРНОГО СОТРУДНИЧЕСТВА МУЖДУ ЕС И ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИЕЙ.....170

**«INTERNATIONAL SCIENCE REVIEWS»
Social Sciences Series 2022 / No 4**

CONTENT

**Section
ECONOMICS AND FINANCE**

<u>Kazhyken M.Z.</u> ECONOMIC ACTIVITY IN THE GREAT STEPPE AND CENTRAL ASIA.....	10
<u>Smagulova Z.K., Moroz V.V.</u> THE PHENOMENON OF LEADERSHIP: SOCIO-PSYCHOLOGICAL AND MANAGERIAL CONTEXT.....	20
<u>Aimurzina B.T., Kamenova M.Zh.</u> MECHANISMS OF STATE SUPPORT FOR ENVIRONMENTAL SUSTAINABILITY OF ENTREPRENEURSHIP DEVELOPMENT.....	31
<u>Galiev S.Zh.</u> CONCURENTION IS NOT A FACTOR OF INDUSTRIALIZATION AND MODERNIZATION.....	41
<u>Dyussenbayev Zh., Baibasheva G.K., Kaidarova S.E.</u> STRATEGIC ALTERNATIVES AND SUCCESS FACTORS.....	52
<u>Omarov A.S., Aimurzina B.T.</u> STRATEGIC MANAGEMENT PROCESSES IN HEALTHCARE ORGANIZATIONS.....	59
<u>Sukhanov A.</u> ONE BELT, ONE ROAD INITIATIVE IN NEW GEOPOLITICAL AND GEOECONOMIC CONDITIONS.....	65
<u>Baltykhan A.B., Lesbayeva G.T., Baibasheva G.K.</u> ORGANIZATIONAL AND ECONOMIC ASPECTS OF THE CORPORATE HIGHER EDUCATION MANAGEMENT FORMATION.....	79
<u>Usipbekov A.A., Nurzhanova G.I., Niyazbekova Sh.U.</u> METHODS FOR ANALYZING FINANCIAL MARKETS IN THE DIGITAL ECONOMY.....	87

Section LAW

<u>Abugalieva F.M., Elubekova A.K.</u> ACTUAL PROBLEMS OF THE LEGAL NATURE OF CRIMINAL OFFENSES IN LAW ENFORCEMENT PRACTICE.....	100
<u>Idgeev M.S., Imanbaev S.M.</u> CRIMINOLOGICAL ASPECTS OF CRIME IN THE CONSTRUCTION INDUSTRY.....	110
<u>Berdibek G.E., Seilkhanov Zh.D.</u> THE CATEGORY OF EXTREMISM IN MODERN LEGAL SCIENCE: PROBLEMS AND DISCUSSIONS.....	121
<u>Abdikadyr A.A., Amandykova S.K.</u> STATUS OF THE COURT OF APPEALS.....	127
<u>Sanakbekkyzy S., Imanbaev S.M.</u> MODERN PROGRAMS OF DEVELOPMENT OF THE CRIMINAL-EXECUTIVE SYSTEM OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN.....	134
<u>Sadykov T.K.</u> PERSONS-FOUNDERS OF THE LAWS OF THE KAZAKH KHANATE.....	143

Section INTERNATIONAL RELATIONS

<u>Nurtazin M.S., Ibrayeva A.E.</u> NEW EU STRATEGY FOR CENTRAL ASIA 2019: PROSPECTS FOR KAZAKHSTAN.....	156
<u>Satybayev D.D., Ibrayeva A.E.</u> PROSPECTS FOR THE DEVELOPMENT OF RADICAL ISLAMISM IN THE CENTRAL ASIAN REGION.....	163
<u>Aitbay A.Zh., Ibrayeva A.E.</u> PROSPECTS FOR HUMANITARIAN COOPERATION BETWEEN THE EU AND CENTRAL ASIA.....	170

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ЗАҢДАРЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ ТҰЛҒАЛАР

Садыков Т.К.

Астана халықаралық университеті
Құқық жоғары мектебінің аға оқытушысы
Ішкі істер органдарының ардагері, подполковник

Тулпардан тулпар туады,
Сұнқардан сұнқар туады
Асылдан асыл туады
(Майқы Би)

Аңдатпа. Мақалада қазақ хандығында қолданыста болған заңдар талқыланады. Қазақ хандығындағы заңдардың қайнар бастаулары анализ жасалған. Қазақ хандығындағы заңдардың қолданылуы бойынша тұжырым жасалады. Қазақ хандығы заңдарының негізін салушылар тұлғалар туралы баяндалған.

Кіл сөздер: қазақ хандығы, әдет-ғұрыптар, қазақ хандығы заңдары, заңдардың негізін қалаушылар.

КІРІСПЕ

Кеше-ғана бүкіл ел болып осыдан сегіз жыл бұрын Қазақ хандығының 550 жылдығын атап өттік. Сол Қазақ мемлекетінің ірге тасын, заңдарының қалаушылардың арасында атақты билер болған. Қазақ хандығы құрылғанға дейін Ертістен Еділге дейін созылған ұлы даланы атақты, қайсарлы, ел сыйлайтын, құрметтейтін абыздар басқарған.

Ата-бабаларымыз бізге қалдырған жалынды сөздері бар. Соның бірі «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ». Сол XIII-XVIII ғасырда қазақ елінің ішкі және сыртқы саясатын жүргізген, заңдарды терең меңгерген, халыққа ақыл айтып, жол көрсететін атақты билер өмір сүрген. Олар Майқы Би, Әнет баба, Төле Би, қаз дауысты Қазбек Би және Әйтеке Би.

Билер – тарихи-құқықтық тұрғыдан қарағанда қазақ қоғамында өте маңызды билік өкілі болған. Сонымен бірге, мемлекет басқару ісіндегі ең жоғарғы

тұлға-ханды сайлауда ақыл-кеңес беретін және хандық жүйеге кіретін ерекше өкілеттілікке «орақ тілді-от ауызды» билер ғана ие болатын.

Әлемге белгілі ғалым, Қазақстандағы құқық саласының патриархы, заңгер, академик Салық Зиманов билерді өте жоғары бағалаған.

Қазақ Ұлы даласында-олар тағайындалмаған, сайланбаған. Олар өзінің білгірлігімен, біліктілігімен, шешендігімен, даналығымен аты шыққан. Билер «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», «Әз Тәуке ханның жеті жарғысы» сияқты дала ережелерін жатқа білетін және даулар шешкенде қолданған. XIX ғасырда өмір сүрген қазақ елінің атақты ғалымы Шоқан Уәлиханов билер туралы өз еңбектерінде жазған: «Билердің беделі Еуропадағы Шекспир мен Гётенің беделінен төмен болмаған».

Билер дауларды шешкенде келесі мақал-мәтелдерге сүйенген: «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ», «Әділсіз болса би оңбас, әйелсіз болса үй оңбас», «Би төрттің құлы: 1)адал еңбектің, 2)таза ниеттің, 3)терең ойдың, 4)әділеттіктің». Міне, қазақ халқының аңызға айналған, атақты, пайғамбарға теңестірілген, абыз билеріміз қазақ тарихында мәңгіге қалған.

XIII-XVIII ғасырда қазақ халқының басын қосып, жүз жылдық жоңғар-қазақ соғысынан елімізді жеңіске алып келген, халқымызды аман сақтап қалған, хандығымызды нығайтып, туымызды биік көтерген атақты билер болған. Солардың өмір-баянына тоқталайық.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Төле Би Әлібекұлы 1663-1756 өмір сүрген жылдары. Қазақ ауыз әдебиетінде Төле Би туралы аңыз әңгімелер, шешендік сөздер көп. Солардың көпшілігінде Төле Әлібекұлы ақылды, парасатты, мәдениетті әділ, қазақ халқының қамын ойлаған, қазақ жерін қалмақтардан азат еткен, атақты саясаткер, дипломат, би төрелігін жүргізіп, нақты шешімдер шығарған қайраткер болып саналады.

Төле жаз айында 1663 жылы Шу өңірінің Жайсан атты жайлауында дүниеге келді. Руы-Дулат, Дулаттың ішінде-Жаныс.

Әкесінің аты-Әлібек. Төленің бала кезі қазіргі Төлеби ауданы Оңтүстік Қазақстанда өтті. Атақты Балқы бидің тәрбиесінде болған, Бұхара шахарында білім алған, «Құран-Кәрімді» өте терең жетік білген. Төле Би он үш жасында билік етіп, халықтың мүддесін қорғаған.

Орыс тарихшысы А.Левшин өзінің қазақ хандығы туралы еңбегінде Төле Бидің ұлы жүздің Жолбарыс ханы қайтқан соң Ташкент қаласында 12 жыл басқарған-деп жазады. Шамамен 1717-1729 ж.ж.

Төле Би Ресей патшалығы мен Қазақ хандығы арасындағы қарым-қатынасты қалыптастыруға күш салған тұлға. 1749 жылы өзінің жиені Айтбай бастаған елшілік жіберіп, Ресейге қосылу ниетін білдіреді. Төле Би хан атағына да ие болған қайраткер ұлы жүздің Жолбарыс ханын қалмақтар өлтірген соң, ол Аңырақай айқасына ұлы жүзден 30 мыңнан астам жауынгер жігіттерді өзі бастап барады, шайқастарға басшы болған.

Төле Би төсек тартып, ауырып жатқанда (1756 жылы) бір руласы келіп көңілін сұрап, енді халқымызға қандай өсиет айтасыз депті. Сонда Төле Би төсектен басын көтеріп келесі өсиетті сөздерді айтқан екен: «Жүзге бөлінгердің жүзі қара, руға бөлінгендердің құруға асыққаны, атаға бөлінгендер адыра қылады, хан азса халқын сатады, халық азса хандыққа таласады». Осы атақты сөздерін Абылай ханға да қайталап Қазақ хандығын бірлікке шақырады: «Басшы біреу болу керек, қалғандары оған қосшы болу керек», - деп түсіндіреді.

Төле Би қартайып 93 жасқа келіп Ташкент қаласының қасындағы атақты «Ақ бұрқан» деген жерде қайтыс болған. Қазір сол жерде Төле Бидің кесенесі орналасқан, ұрпақтары сол зиратқа шырақшы болып отыр.

Қалмақ жеңіп, қазақтың жерін алғансоң да, қазақтың батырлары соғысты тоқтатпапты. Содан кейін қалмақтардың ханы Қалдан Серен: «Сендер бағынып, тыныш отырмадыңдар, көшіп-қонып жүрген сендерге сенім жоқ. Бағынып тыныш отырам десендер, ең жақсы батырыңды ұстап бер»-деген екен. Төле Би батырларын қимай, өзінің туған баласын аманатқа берген. Баласы қалмақ қолында жеті жылдай болып келген.

Төле Би Әлібекұлы – XVII ғасырдағы қазақтың саяси элитасындағы аса көрнекті тұлғалардың бір аумақты басқарушы, заң шығарушы, бақылаушы, орындаушы, билікті бірдей өз қолына ұстаған адам. Ол оның үстіне қара қылды қақ жарған әділетті Би.

Төле Би жоңғармен қазақтың арасында тату көрші болуға, соғысты тоқтатуға шақырған. Оның жоңғардың елшілеріне айтқан сөзі бар: «Сүйегіміз ағарғанша соғыстық, енді шашымыз ағарғанша тату көрші болайық. Мұрағат құжаттарында Төле Бидің қатысуымен шешілген үлкен даулар аз сақталған. Мұндай деректердің басым көпшілігі ауыз әдебиетінде кездеседі. Солардың бірі Барақ сұлтан Әбілқайыр ханды өлтіріп айыпты болған. Билер соты Әбілқайыр

ханның өлімі үшін, Барақ сұлтан жеті құн төлеу туралы үкім шығарады. Өлген ханның балалары мұнымен келіспей, Барақ сұлтанды өлтіруді көздейді. Сонда Барақ сұлтан Төле Биден әділ билігін іздеп келеді. Би екінші болған билер отырысында, Барақ сұлтанды қолдап, би өзінің шешімін келесі қанатты сөзбен жеткізген екен. «Бір қойдан екі тері сыдырмайды». Сол XVIII ғасырдағы шешім біздің Қазақстан Республикасының 1997 жылы Қылмыстық Кодексінде қалыптасқан. Мұның мәні: «Бір қылмыс үшін екі жаза тағайындалмайды» дегенді білдіреді.

Төле Би тоғыз жасында әкесі Әлібек би шеше алмаған дауды шешіп берді. Екі әйел бір балаға таласады. Әкесі бір балаға таласқан екі ананың дауын шеше алмай, баланың шын туған шешесі қайсысы екенін анықтай алмапты. Сол сәтте Төле Би тұрып:

Әке, осы жолғы билікті маған берсеңіз екен – депті. Әлібек Би ойланып, билікті баласына беріпті. Сонда Төле Би:

Еңдеше, даулы баланы алдыма алып келіңіздер!-депті. Төле көзі шарықтай лапылдап жанып, алдына төрт жасар баламен бірге даулы аналарын шақырыпты.

Екі ананың да өтініш-талаптарын орындаймын. Баланы қанжармен қақ ортасынан бөлем де беремін-дейді. Сонда нағыз анасы Төленін қолынан ұстап:

Айналайын, ашуыңды маған бер. Баланы шаба көрме. Қайда жүрсе де аман болсын-деп дір-дір еткен қолдары Төленің білегіне жабысқан.

Ал екінші әйел «баланы шапса, шауып тастасын. Оған да жоқ, мағанда жоқ» деді.

Сонда Төле Би келесі шешім шығарған:

Уа, халайық, енді түсінген шығарсыздар? Қай ана туған анасы екенін. Бейшараның баланы жоғалтқаны рас екен. Тұрған халайық:

Ойпырай, Әлібектің мына баласы төрелікті қанжардың жүзімен-ақ шешті-ау. Әкесі жүз күн ойласа да, мұндай төрелікті таппас еді,-деді.

Екіншісі «Керуен дауы» деп аталады. 1739 жылы күздің басында Орынбор қаласынан шыққан керуен Түркістан қаласын асып Ташкент қаласына жақындаған тексеруге түсіпті. Тексеру кезінде Қойгелді батыр матаға бірнеше оралған орыс мылтығын көреді. Басқа да, жүктерді қару жарақ болып шығады. Бар дүние мүліктен айырылған орыс керуені Ташкентке бармастан, келген ізімен кері

қайтады. Сондықтан Ресейдің патшасы Орынбордан татар тілін жақсы меңгерген майор Карл Миллер 1743 жылы қазақ еліне жіберіпті. Осы мәселеге байланысты Төле Би Түркістан қаласында атақты сұлтандарды, билерді шақыртып төрелік жүргізеді. Жауапкер Қойгелді батыр да, талапкер патшат армиясының майоры Миллерді шақыртады. Осы дауды шешуге жиналған жұрт алдында Төле Би былай деген екен: «Мен ел қамы үшін өз қолымды өзім кескелі отырмын. Қойгелді батыр бәрінен маған жақын емес бүкіл халықтың қамын ойлайық: О, жұртым шығыстан жоңғарлар шабуылдап, жанымызда қоқандап тұрғанда, Ресей патшалығымен қарым-қатынас жақсы болу қажет. Сондықтын, «досыңа қимасыңды бер демекші Миллер мырзаны риза етейік. Қойгелді батыр екі мың жылға төлеп, орыс керуенінің шығысын ғана төлесін. Сіздер білесіздер, мал деген қолдың кірі емес па, азар болса бір байдың жылқысы кетеді. Кейін ел болып орнын толықтырамыз». Төле бидің осы шешімін бәрі бір ауыздан қолдады.

Төле Би Жоңғар хандығымен де жақсы қатынастар жасап тұрды. Мысалы, 1742 жылы Төле Би Жоңғар хандығына дербес өз елшілігін аттандырды. Елшілік қонтайшы Қалдан Сереннің тұтқында отырған Абылай сұлтанды босату мақсатымен жіберілген. Елшілік сапар Төле Би күткендегі сәтті аяқталды.

Төле бидің атақты сөздерінің ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, бүгінгі күні де өз маңызын жоғалтпай отыруынан бірден-бір себебі оның терең философиялық мән мазмұнға ие болуында.

Ескелді бидің Төле Биге айтқан сөздері оған берілген әділ баға:

Алты алаштың өзісің,

Халқымыздың төрісің,

Өзің ғана табасың,

Әрбір істің жемісін.

Төле Би – атақты билер әулетінің ұрпағы. Төле бабаның арғы атасы Бақтияр Би - сөз бастаған шешен, ел басқарған көсем. Бақтиярдан кейінгі бабасы Ақарыстан - Кейік Би - Төбеш Би, Төбеш Биден – Майқы Би. Майқы Би XIII ғасырда Шыңғысханның бас уәзірінің бірі болған.

Төле Бидің ең үлкен қасиеті – қазақтың ұлы ханы Абылайды көркемдікпен тәрбиелегені. Абылайдың хан болып сайлауына ықпал еткен. «Орыспен айқыспа. Мәмілеге кел!» - деп Абылайға ақыл берген де осы – Төле Би.

Атақты батыр, әрі шешен Ер Жәнібек шақшақұлы Төле Биден ақыл сұрай келіп:

Түзу мылтық, ұшқыр құс, жүйрік ит, мақтаншақ жігіт, ұрыншақ ат жидым. Бозбала болып ерлік қылайын ба, әлде үлгі алып билік қылайын ба? – дейді. Сонда Төле Би:

« Досыңа өтірік айтпа – сенімін кетер, дұшпанға сырыңды айтпа-түбіңе жетер. Жақыным деп, жаманның малы үшін жақсының жағасынан алма – өрісің тарылар. Қару жисаң – мылтық жи: жаяу жүрсең – таяқ, қарның ашса – тамақ болар. Әйел алсаң, көріктіге қызықпа, тектісін ал. Ұрыншақ ат жарға шығар, қыс қарға шығар. Тұмау түбі – құрт болар, тұман түбі – жұт болар, ақылдың түбі – құт болар. Елге бай – құт емес, Би – құт. Қарап отырғанша, бір нәрсеге жарап отыр, кәсіп болмай, нәсіп болмас. Менен ақыл сұрасаң, менің айтарым осы» - деген екен.

Қаз дауысты Қазыбек Би 1667-1764 өмір сүрген жылдары.

Қаз дауысты Қазыбектің шыққан руы – Қаракесек, бұл – орта жүз арғынның үлкен бір бұтағы. Қазыбек Би 1667 жылы Сыр бойындағы қазақтың жаймашуақ өлкесі Жиделі-Байсын деген ауылда дүниеге келді, осы жерде балалық кезі өтті. Қазыбек жеті жасында-ақ шешендігімен, алғырлығымен көзге түсе бастапты.

Қазыбек Бидің ең үлкен мектебі өз ауылы, отбасы, әкесінің, атасының, ақсақалдардың үлгісі болуға тиісті.

Бабамыздың «Қаз» атағын алуы сол 13 жасында 1681 жылға келіп тіреледі.

Қаз дауысты Қазыбек Жоңғар хандығына елшілік, мәмілегерлік жолмен үш рет барған. Бірінші рет – атқосшы ретінде, екінші – ұлын босатуға, үшінші рет- Абылай ханды босатуға қатысқан.

XVIII ғасырдың 30-жылдары қалмақтар Сарыарқаны, Қаратау мен Түркістан төңірегін түгелдей басып алады. Бір шайқаста Жоңғардың ханы Қалдан Сереннің баласы Шарышпен Абылай батыр жекпе-жеке шығып, Абылай Қалдан Сереннің ұлын өлтіреді.

Абылай сол шайқаста тұтқынға түседі, оны босатуға, елшілікті басқарып Қаз дауысты Қазыбек Би басқарады. Атақты сөздер айтып, Абылайды босатып алады. Сондағы жалынды айтқан сөздері: «Біз, қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай, жай жатқан елміз. Елімізден құт – береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп, найзаға үкі таққан елміз, ешбір дұшпанға

бағынбаған елміз, басымыздан сөз асырмаған елміз. Достықты сақтай, дәм – тұзды ақтай білген елміз, асқақтаған хан болса, хан ордасын таптай білген елміз. Атадан ұл туса, құл болам деп тумады. Ұл мен қызды қаматып отыра алмайтын елміз. Танымайтын жат елге танысқалы келгенбіз. Танысуға көнбесең, шабысқылы келгенбіз. Сен темір болсаң, мен көмір: еріткелі келгенмін. Берсең, жөндеп бітімді айт, не күш сынасатын, соғысатын жерді айт» - депті. Қазыбек Бидің дипломаттық айла – тәсілдердің ортасында Абылай батырымыз елге қайтарылды.

Кез-келген дауларды қарасақ, Қаз дауысты Қазыбек Би әділеттікке жүгінген. Ол бай не кедей, хан – төре не қара шаруа деп қарамаған. Мысалы, Шонбай деген бай жалшысына ақысын бермей, екеуі төбелесіп, байдың күрек тісі сынады. Сонымен, екеуі дауласып, Қазыбек Биге келеді. Бай айтады: «Мынау – менің жалшым, менімен төбелісіп, бір күрек тісімді сындырды. Құн сұрасам бермеді». Сонда Қазыбек: «Ас-адамның арқауы. Сондықтан малшының ақысын бер, күрек тісін құнсыз», -депті. «Еркектің ет жейтін тісі аман болса, бір күрек тістен келер кемшілігін жоқ. Ал, әйелдің күрек тісі әрі көркі, әрі жіп қиятын қаруы», -деп шешіпті.

Қылмыстық іс-әрекеттерді болдырмау жолында Төле, Қазыбек, Әйтеке билер аянбай еңбек етіп, «Жеті жарғыда» қылмыстық іс-әрекеттерді жазалау түрін нақты көрсеткен. Көзі тірісінде Қаз дауысты Қазыбек Би Бекболат деген ұлына билік тізгінін ұстатқан болатын.

XVIII ғасырда қалмақ ханы Қоңтайшы қазақ жерінің бір бөлігін шаптырып алады. Екі ел арасын бітістіруге барған Қазыбек Биді қалмақ ханы құрметпен қарсы алады. Қоңтайшы бұрыннан онымен жақын дос болу ниетін білдіріп, құдаласуды қалайды. Қалмақ ханы Қазыбек Биден: «Ұлың нешеу?» - деп сұрапты. Сонда Би: « Бір жарым ұлым бар», - деген екен. «Бұл қалай? Сенде басқандай бес ұлың бар деп естіп едім ғой?!» - дейді Қоңтайшы. Сонда Қаз дауысты Қазыбек Би жауап береді: «Менің елге ие болатын бір ғана ұлым бар, оның аты – Бекболат, соны бүгінге есептедім, ал мал мен қатынға ие болатын ұлдарымды есепке алмаймын». Содан Қоңтайшы өз қызын Бекболатқа беріп, қазақ пен қалмақтың арасында бейбітшілік заман орнаған екен.

«Үш би неге кемеңгер болады?» деген сауалға келер болсақ, үшеуі де нағыз Отансүйгіш, халыққа жақын, намаз оқып, дауларды әділ жолмен шешіп отырған. Қалмаққа барған соңғы сапарында қалмақ ханы Қазыбек Биге үш сұрақ қояды: «Әуелінде не бар, ақырында не бар?», «Аспан мен жердің арасы қанша шақырым?», «Батыс пен шығыстың арасы қанша?». Сонда Қазыбек келесі жауаптар берген: «Арада келісім болса, барға қанағат етілсе, әуелінде – ынтымақ ,

ортасында – береке, артында – шүкірлік тұрмас па», «Аспан мен жердің арасы – бір-ақ шақырым жол ғана. Олай дейтінім: күн күркіреп жауғанда ел дүрлігіп сасатын, құлақтарын басатын. Сонда күннің күркірі шақырым жерден жететін», «Батыс пен шығыстың арасы – бір күншіліл қана. Олай дейтінім: аздаң Шығыстан атқан күн батысқа ымырттап, шаршап батады».

Шу өзенінің Балқашқа жақын жайылымында көп жыл бұрын үйсін мен арғын тайпалары кездеседі екен. Төле Бидің әкесі Әлібек Би арғын ағайындарға жұмбақтап сөз айтады: «Сендерге айтар он түрлі жұмбағым бар соны шешіңдер», - дейді. «Бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті, сегіз, тоғыз, он». Отырған ақындар, шешендер, батырлар сол жұмбақ сөзді шеше алмайды. Киіз үйдің босағасында отырған бір жас бала:

Ақсақал, рұқсат етсеңіз бұл жұмбақты мен шешейін, - дейді, бала Қазыбек.

Рұқсат, рұқсат.

Бір дегеніміз – бірлігі кеткен ел жаман.

Екі дегеніміз – ерегісіп өткен ер жаман.

Үш дегеніміз – үш бұтақты шідерден шошынған ат жаман.

Төрт дегеніміз – төсектен безген жас жаман.

Бес дегеніміз – арадан шыққан жау жаман.

Алты дегеніміз – асқынып кеткен дерт жаман.

Жеті дегеніміз – жас келіншек жесір қалса, сол жаман.

Сегіз дегеніміз – басқа түскен қайғы жаман.

Тоғыз дегеніміз – топырақты өлімге бас көрсетпеген туыс жаман.

Он дегеніміз – әкесі мен анасын сыйламаған ұл мен қыз жаман.

Сонда Әлібек Би баладан:

Атың кім? – деп сұрапты.

Атым – Қазыбек, - депті. Баланың дауысы қаңқылдап, қаздың дауысына ұқсас болған соң Әлібек Би балаға айтыпты:

Енді сенің атың – «Қаз дауысты Қазыбек» болсын, - деп.

Әйтеке Би Байбекұлы 1644-1700 өмір сүрген жылдары

1644 жылы 23 наурызда Әйтеке Би Өзбекстанда Нұрата тауының Бұхара қаласының жанында Қыз-бибі деген ауылда дүниеге келді. Атақты би бес жасынан бастап ауыл молдасынан тәлім – тәрбие алды. Жеті жасында Әйтеке атасы Ақша Қоқан ханы болған, сол кісінің қолына барып тұрады. Атасы немересін Самарқандағы «Ұлыбек» медресесіне оқуға береді.

12 жасынан бастап даңқты қолбасшы нағашы атасы Жалаңтөстің тәрбиесінде болып, әскери ойын – тәсіл, қолбасшылық, батырлық рухын бойына сіңіріп өсті. Қос атасының тәрбиесінде жүріп Әйтеке Би әр асулардан өтіп, шетелден келген хандар мен патшаларды көріп, жоғарғы дәрежелі сый-сияпаттармен танысып, дипломатиялық тәжірибе алады.

Медреседе оқып жүрген жылдары арабша, парсыша тіл үйренеді. Дін, әлемтану, математика, құқық сабақтарын оқиды, атақты тарихшылардың, астрономдардың еңбектерімен танысады. Әйтеке Би жиырма жасқа келгенде Самарқан қаласының төңірегіндегі алпыс мың түгін алшын мен қырық мың үйлі қарақалпақтың және өзбек уәлаяттарының «Ұлыс биі» болып сайланады.

1680 жылы (36 жасында) Әйтеке Би Тәуке ханның ордасына кеңесші болып келеді. Сол жылдары Төле Би, Қаз дауысты Қазыбек билермен қосылып, қазақ елінің бірінші Ата заңын – «Жеті жарғыны» жазуға ат салысады. 1698 – 1699 жылдары – Әйтеке Би Түркістан қаласында өткен құрылтайда қазақ жеріне көз тіккен көрші елдермен сақтану үшін бірнеше ұсыныстар, кеңестер айтады. Олар Қазақ хандығына:

Тұрақты әскер ұстау;

Әскердің халықтан шыққан бір қолбасшыға бағыну;

Әскерді байлардан алынатын салық есебімен ұстау;

Қарапайым халыққа көмектесі. Бірақ бұл ұсыныстарға сұлтандар мен төрелер қарсы шығып, ақырында қабылданбады.

Қазақ ауыз әдебиетінде Әйтеке Би туралы аңыз әңгімелер, шешендік сөздер көп. Солардың көпшілігінде Әйтеке Би әділ, парасатты, ақылды халық қамын ойлаған азамат болып көрсетіледі.

Сол бір аңыз естеліктерге тоқталайық: Ресей мен Қазақ елі өзара мәмілеге келіп, арада елшілік қатынасы басталған кездерде бір ханның ордасына келген орыс елшісін «тірі қайтармай, өлтірейік», - деген сөз болады. Сонда бүкіл қазақ елінің атынан белгілі үш би: ұлы жүзден – Төле Би, орта жүзден – Қазыбек Би, кіші жүзден – Әйтеке Би бір төбенің басына шығып кеңеседі.

Кеңесті бірінші бастаған Төле Би көлге қарап отырып:

Алар ма мына көлдің құсын атып? – дейді.

Оғың шығын болмасын суын атып, - дейді Қазыбек Би.

Құтылмастай пәлеге қалып жүрмейік. Құс екен деп перінің қызын атып, - дейді Әйтеке Би.

Осылай қазақ пен орыстың арасында тыныштық сақталып, ұрысқа келтірмеу үшін, үш бидің арқасында қазақ даласында бейбітшілік тұрақтайды.

Рас, Әйтеке өз уақытында батырлығымен танылды. Әйтекенің қалмақ ханы Бошақтымен жекпе-жекке шыққандығы белгілі.

Әйтеке Би өзінің саналы ғұмырдында қазақ халқының жан – жағынан қоршаған жауларға жем болмай, айбарлы да айбатты дербес мемлекетке айналуына көп еңбек сіңірді. Ол – қазақ бірлігін баянды етуге тырысқан адам. Күлтөбеде бір жиында Әйтеке келесі халыққа арналған бірлікке шақыратын сөздерді айтқан екен:

«Біз, қазақ, бір биенің құлыны едік,

Тұлпар болып оза шабайық.

Біз, бүкіл қазақ, бір ұяның балапаны едік,

Қанаттанып, сұңқар болып самғайық.

Біз, бүкіл қазақ, бір тоғайдың ағашы едік,

Орман болып жайқалайық.

Біз, бүкіл қазақ, бір шаңырақ, бір қазан,

Бір төрелік дастархан болып,

Атамекенді түгел қамтиық.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ хандығында билердің атқарған еңбектері өте маңызды болған. Сонымен бірге мемлекет басқару ісіндегі ең жоғарғы тұлға, ханға ақыл-кеңес беретін және хандық жүйеге кіретін уәзірлер қызметін айқындайтын ерекше өкілеттілікке «ортақ тілді-от ауызды» билер ғана ие болатын. Ондай айбарлы әрі беделді билердің мемлекеттік лауазымдары келесі тараптарға бөлінген:

«Орда би» - тұтас бір жүздің басшысы. Орда би – хандық «жорығының» құрамына енеді, яғни сыртқы және ішкі саясатқа ықпал етеді. Олар ел татулығын, бірлігін ұстап тұруға жауапты болған (Төле, Қазбек, Әйтеке билер)

«Ұлыс би» - бірнеше руға басшылық жүргізеді, жаугершілік жағдайында кемінде он мың жігіт шығарылады. Сол ұлысқа ие болып отырған сұлтанның кеңесшісі, шаруашылық және әлеуметтік дауларға қатысады, ұлыстың намысын қорғап, елдің ішкі және сыртқы саясатына билік жүргізеді.

«Ру би» - бір руға билік жасайды, дауларына билік айтады, ағайынды бір-бірімен табыстырады. Әділетті ру билері өз туыстарын өрге сүйрейді, тентектерін қатаң жазалайды.

«Ауыл би» - сол ауылға басшы болған ақсақалдар билік жүргізеді. Олар көбінесе ауылдағы дауларды шешкен.

Билердің мемлекетке қызмет көрсетудегі қалыптасқан билік жүйесіне көз жүгіртсек, талай ғасырдан бері қазақ хандығында билердің мектебі, дара жолы болған. Сонымен қатар олардың мемлекеттік жүйесіндегі атқарған қызметтері: Ата Би, Төбе Би, Қатар Би, Жеке Би, Төтен Би, Бала Би деп көрсетіледі. Қазақ елінің билер соты, оны реттеген заң ерекшеліктері қоғамға бейбітшілік және халыққа әділдік әкелген, «Елге бай құт емес, би – құт» деп көпшілікке тәлім етіп көрсеткен.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Адам құқықтары туралы халықаралық билль, Алматы – 2000 ж.
2. С.Зиманов, Б.Қуандықов, Қ.Байжанов, Б.Хайдаров «Қазақтың ата заңдары» 1-10 том. Алматы «Жеті жарғы» 2005 ж.
3. М.А.Сәрсембаев учебное пособие – «Права человека» Алматы, 1991 г.

4. Ә.Кекілбай, А.Нысаналы, С.Саматай, «Үш пайғамбар» Алматы 1992 ж.
 5. Ж.Тілеухан, Ж.Бахыт. Қазақ хандығы (бөлім). «Қазақстан балалар энциклопедиясы» топтамасы, Алматы, «Аруна», 2009 ж.
 6. С.Жүрсімбаев – Астана 1998 ж. «Права человека в международных актах и Конституции Казахстана»
 7. Ж.Омари. Қаз дауысты Қазыбек би. Астана «Фолиант», 2000 ж
 8. А.Левшин «Қазақ хандығы» ж. Санк Петербург 2 том
 9. Ә.Кекілбаев «Әйтеке Би» - Егеменді Қазақстан газеті, 23.11.1991 ж.
 10. Н.Өсеров, Ш.Исатаев «Әз Тәукенің «Жеті жарғысы»» Алматы ақшамы газеті №14 30 шілде 1990 ж.
 11. С.Дәуітұлы «Төле Би» Алматы, 2008 ж.
 12. Қазақстан тарихы. Энциклопедиялық анықтама. Алматы, 2010 ж.
 13. Н.Дулатбеков, М.Хамзин «Қаз дауысты Қазыбек Би» (энциклопедия) Қарағанды, 2011 ж.
 14. Б.Адамбаев, Т.Жарқымбекова. Ел аузынан. Алматы, 1989 ж.
 15. М.Қойгелді «Төле Би Әлібекұлы және билер институты» Алматы, 2004 ж.
 16. М.Есламғалиұлы «Төле Би: зерттеу мақалалар мен толғаулар» Алматы «Жазушы», 2000 ж.
 17. М.Есламғалиұлы «Әйтеке Би» Алматы, «Жазушы», 2007 ж.
 18. А.Сейдімбек. «Қазақтың ауызша тарихы». Астана, «Фолиант», 2008 ж.
 19. С.Дәуітұлы «Әйтеке Би» Алматы, 2011 ж.
 20. Н.Төрекұл. Даланың дара ділмалары. Алматы, 2001 ж.
 21. Т.Жұмаханов, Б.Шұматаев. Қазақ хандығы. Алматы, «Аруна», 2009 ж.
 22. Ж.Әлдибеков «Президент және халық» газеті, 4.12.2015 ж.
 23. Т.Кәкішов «Билер сөзі», Алматы, 1992 ж.
-

24. Ж.Дәдебаев «Шешендік сөздер», Алматы, 1993 ж.

25. Б.Адамбаев «Халық даналығы», Алматы, 1976 ж.

ЛИЦА-ОСНОВАТЕЛИ ЗАКОНОВ КАЗАХСКОГО ХАНСТВА

Аннотация. В статье обсуждаются законы, действовавшие в Казахском ханстве. Проанализированы истоки законов Казахского ханства. Делается вывод о применении законов в Казахском ханстве. Об основателях законов Казахского ханства.

Ключевые слова: Казахское ханство, обычаи, законы Казахского ханства, основоположники законов.

PERSONS-FOUNDERS OF THE LAWS OF THE KAZAKH KHANATE

Annotation. The article discusses the laws that were in force in the Kazakh Khanate. The origins of the laws of the Kazakh Khanate are analyzed. The conclusion is made about the application of laws in the Kazakh Khanate. On the founders of the laws of the Kazakh Khanate.

Key words: Kazakh Khanate, customs, laws of the Kazakh Khanate, founders of laws.